

**АЛТАЙ ТАУЫНЫҢ ТЕРІСКЕЙ БЕТІНЕ ҚОНЫСТАНҒАН  
ҚАЗАҚТАРДЫҢ РУЛЫҚ – ТАЙПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ  
АХУАЛЫ**

**Байжұма Гүлнәра**

Gulnar555@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының 2 – курс

PhD докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Дүкенбаева З.О

Алтай тауының теріскей беті – Қобда өлкесіне Орта Жүздің кейбір рулары қоныстанып, ХІХ ғасырдың басында уақыт пен кеңістікте нақты бітім мен келбетке келіп, толысып, көзге толық түскен кезі ХІХ ғасырдың бел ортасы еді. Алтай тауының теріскей бетіндегі кеңістікте этнобио, этномәдени, қоғамдық дамуда кеңістік пен уақыт бірілігінде – қазақ этникалық тобы тарих саханасына шығуы, зерттеуші ғалымдардың назарын аудара бастады.

Г.Е. Грумм-Гржимайло: «Орта жүз Керейлердің көптеген рулары ХVІІІ ғасырдың екінші жартысының бас кезінде Алтай жеріне көшіп келген және осы ғасырдың 60-70 жылдары біршама шығысқа қарай өтіп мекендейтін болған» десе, Г.Н. Потанин «Қазақтар Алтайға келіп ХVІІІ ғасырдың 70-80 жылдары Қара Ертіс бойымен Тарбағатай, Сауыр тауының солтүстігімен Алтайдың оңтүстігін мекендейтін болды» деп атап көрсетеді. Алтай аймағы, батыс Моңғол өңірі Қобда өлкесіне қарайтындықтан, қазақтардың Қобда бетіне қоныстануына шектеу болмады [1, 52-54 б].

Алтай тауының теріскей беті Қобда өңіріне алғаш қоныстанған қазақтар – Орта жүз Абақ – керей рулары еді. Олар негізінен Ертіс өзенінің солтүстігі Батыс Алтай тауы жағын мекен еткен қазақтардың ұрпағы. Бұл өлкеге алғаш тұрақты мекендене бастаған қазақтар негізінен Абақ - керейдің шеруші, жәдік, ителі, қарақас, жәнтекей, молқы руларының ауылдары. Олар алғашқы кезде Алтайдағы қазақтардың рулық билік жүйесін сақтау мақсатында ұйымдасты. Жергілікті рулық жүйе құрып, төре, билерге бөлініп, жеке дара немесе аралас рулардан құрылған әкімшілік бірілігі болды. Қазақтарды Қобда бетіне бірінші болып амбы (сұлтан) үкірдайлар (болыс) көш бастап келгені, олардың рулық билік жүйесін сақтап қалуға ерекше әсерін тигізді. Жоғарыда аталған рулар өз басшыларымен келді [1,85б.].

1905 жылы Алтайдағы Манж өкілі Чинсай Қобда қазақтарын «оң қол» етіп ұйымдастырсыруға талпынған ниеттері іске аспады. Ол кезде қазақтардың келесі ұрпағы билікке келіп, Тілеудіұлы (қарақас), Жылқышы Сүкірбай (шеруші), Жуанған Мәйітұлы (молқы), Мұрындық Көбешұлы (базарқұл) т.б. үкірдай дәрежеіне көтеріліп өзгерістер енгізе бастады. Қазақтар арасында 1911 жылға дейін амбы, тәйжі, үкірдай, зальң, зәңгі деп аталатын 5 дәрежелі билік жүйесі қалыптасып, ол белгілі бір ру, ата, әулеттерді негізге алды [2,88б.].

Қобда қазақтарын ру, атаға бөліп бес сатылы әкімшілік жүйесімен басқарғанымен, оларды жалпылай хан ұрпақтары «амбы» атағы берілді. Қобда қазақтарын басқарған сұлтандар Әбілпейіз немересі Сәменұлы Жәңгір, Жәңгірұлы Адайлар болды. Адай төре Саксай өзені бойын мекендеген. Ол, 1902 жылдан бастап билік жүргізіп 1937 жылы Сталиндік нәубет құрбаны болды. Самархан төре кезіндегі ителі руының ауылдарының рулары оған төлеңгіт болып, әртүрлі қызмет атқарып, салық төлеп, бірге көшіп – қонып жүрген. Ителі руы ауылдары бір үлкен елболып, Тәйжі атты төре әулетінің адамы билеген. Қобда бетіне қазақтың Абақ – керей руларынан жәнтекей, шеруші, шұбарайғыр, молқы,

қарақас, жәдік, ителілерден келіп мекендеген. Саны жағынан көбі жәнтекей, шеруші, қарақас болып жеке әкімшілік бірлігі үкірдай болып құрылды [3,816].

Бұл өңірдегі қарақас руын Т. Бірімші 1911 жылға дейін басқарған. Олар қазақтың басқа руларына қарағанда Дамбийжаннанның талан – таражысына түсіп, көп адамдары қырғынға ұшырайды. Сол оқиғадан кейін олар Алтайға асып кетіп, қалған қарақастар саны үкірдайлыққа жетпеді

Жәнтекейдің Қобда бетіне мекендеген бөлігіне алғаш Көбеш батыр үкірдай болады. Ол Самарқан төремен іргелес, Сақсай өзені бойын мекендеген. Оның баласы Мұрындық, кейін немересі Байқадам мұрагерлік етсе, Шеруші руына ағаш Жылқышы үкірдай болып, кейін баласы Дәрбетхан мұрагерлік етеді.

Молқы руының үкірдайы Жота Мәйтұлы еді. Шұбарайғыр руының елі аздығынан жәнтекей үкірдайына қарасты болды. Қобда бетіндегі ителі руы да үкірдайға жетпеді. Ал, жәдік руы тек 1921 жылдан кейін ғана келе бастаған.

Алтай тауының теріскей бетіне алдымен жоғарыда аталған Абақ – керей рулары қоныстанып, олар әр дәуірде басқа рулардың келуімен бірге төре, қожа, ноғай, ұйғыр, өзбек т.б рулармен толығып отырды. Олар өзара етене араласып, қазақтың менталитетін ортақ қасиет етіп, біртұтас қазақ субэтносты құрамында өмір тірілігін жалғастырды. Бұл өңірдегі қазақтар Орта жүз тайпаларының генетикалық, биологиялық дамуының жалғасы, басқа да түркі тектес саны аз әулеттердің келуіне байланысты Моңғолиядағы қазақ субэтностының ру–тайпалық құрылымы қалыптасты. Моңғолиядағы қазақ субэтностының ру–тайпалық құрылымын анықтауда Т. Сұлтан, Р. Шынайдың шежірелері арқау болғанын атап өткен жөн [3, 25 б.].

Кез келген этностың демографиясы белгілі бір өлкеде қалыптасып қоныстанған халықтың демографиялық жағынан өсуі, құрамы, тығыздығы, қала мен ауылдық жерге орналасуы сияқты жағдайлармен ерекшелігін айқындайды. Шыққан ру тегіне қарамастан әрбір адам өндіріс күші ретінде шаруашылықтың барлық салаларындағы іс – әрекетке қатысқандақтан олардың саны, жыныстық және жас ерекшеліктері, қоныстануының маңызы зор.

Моңғолия қазақтарының саны, құрамы, шаруашылық өмірге қатысуы және олардың механикалық қозғалысы этностық қалыптасуы, дамуына тығыз байланысты болғандықтан арнайы ғылыми дәлелдіктермен басты назар аударуды қажет етеді.

Қобда өлкесіне қазақтар қоныс тепкен кезде тек мал шаруашылығымен айналысып үнемі көшіп – қонып жүргендіктен жалпы адамдардың түтін саны туралы толық дерек сақталмады. 1905 ші жылдары мұндағы қазақтардың жанұя саны 1370 шамасында болды [4, 47 б]. Қазақтардың жан саны жайында шындыққа едәуір жақын деректі моңғол ғалымы Ж. Цэвээн атап көрсетеді. Ол, «1860 жылдардан Алтайдың бергі бетінде мекен еткен қазақтардың саны көп емес. Өткен жылғы мәліметпен (1923) Қобда бетінде жүргізілген зерттеуге қарағанда қазақтардың отбасы 1870 деп көрсетілген дерекке сүйеніп, бір отбасында төрт адамнан деп есептесек 7480 адам, бір шаңырақта алты адам деп есептесек 11220 адам болды еді» [4, 28. б] делінген. Бірақ, 1905-1923 жылдар аралығында бұл өлкедегі қазақтардың көшіп – қонып жүруіне байланысты, адам санының тұрақта өсуіне кері әсерін тигізіп отырған. Осы орайда, Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтардың саны туралы кейбір деректер бойынша: «...1922 жылы қазақ хошуынан (аймақтан кейінгі екінші дәрежелі әкімшілік бірлік болған) шығарған анықтама болмақ. Ол анықтамада 1000 жуық шаңырақ болды дегеніне қарасақ барлық шаңырақ қамтылғандығы байқалады. 1934 жылы қазақ хошуының отбасы саны 3834, адам саны 18699 болса, ерлер 7690, әйелдер 9733, молда 1276 делінген. Ал, Қобда аймағына қарасты болған 1938 жылдары бұл аймақтың барлық адам санының 33% немесе 21000 қазақ адам, 4300 түтін, 3 хошуун, 9 (үшінші дәрежелі әкімшілік) сұмын, 74 баққа (төртінші дәрежелі әкімшілік) бөлініп өмір сүрді [5, 64-65б].

Бұл сан шындыққа жуық болғандықтан 1923 жылмен салыстырғанда шаңырақ саны 2430, адам саны 13520 мен қосылса жыл сайын 620 шаңырақ, 901 адаммен толығыпты деуге

болады. 1939 жылы Қобда аймағында 24736, Завхан аймағында 215, Увс аймағында 2, Көпсукөл аймағында 1, Уланбатор қаласында 2 қазақ санаққа тіркелгеніне қарасақ, қазақтың барлық саны 24956 адам болғаны байқалады. 1940 жылғы санақ бойынша Баян – Өлгей аймағында 23544, Говь –Алтай аймағында 157, Завхан аймағында 60, Төв аймағында 7, Увс аймағында 17, Қобда аймағында 1982, Көпсукөл аймағында 3, Уланбатор қаласында 2, барлығы 25576 қазақ адам санаққа тіркелсе, 1950 жылы 29620 қазақ тіркелді. [5,65-67 б.б.]

Қобда өңіріне алғаш қоныстанған қазақтардың демографиялық даму тарихын зерттей отырып, жекелеген өңірдің дамуындағы ерекшеліктер мен алдағы міндеттерді ашып көрсету, қоғам дамуының негізгі көзі – қазақ этносының дамуын зерттеу негізгі мақсаттардың бірі.

Жалпы алғанда, Алтай тауының теріскей бетіне қоныстанған қазақ этносының демографиялық үрдісінің ауқымының кеңдігі мен күрделілігі зерттеудің ғылыми және қоғамдық сұранысқа ие екендігін көрсетеді. Демек, шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи мәселесі еліміздің, ұлтымыздың әрі қарай өсіп өркендеуіне, егеменді еліміздің жаһандық әлемдегі орнын айқындауда өзіндік үлестерін қоса алады деген ойдамыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ислам Хабышұлы Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян – Өлгей, 1980 ж, 85 б. .
2. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. Алматы, 1995. 88 б.
3. Дамбадорж Ц. Тұлба көлі. – Улаанбаатар, 1969, 81 б.
4. Мініс Қ., Сарай А. МХР. Баян-Өлгей. 25 б.
5. Хурметхан Мухамадиұлы Моңғолиядағы қазақ субэтносының қалыптасуы мен дамуы. Алматы – 1997ж, 65-67б.б.